

Altyn-i сервисіндегі жалақы жобасы шеңберіндегі банктік қызмет көрсету шарты

_____ қ. “___” _____ 20__ ж.

Altyn-i сервисіндегі «AltynBank» АҚ (ДБ China Citic Bank Corporation Ltd) банктік қызмет көрсетуі, бұдан әрі “Банк” деп аталатын, (лауазымы) _____ мырза/ханым _____ тұлғасында, _____.20__ ж. № _____ сенімхат негізінде әрекет ететін, бір тараптан, және _____, бұдан әрі “Клиент” деп аталатын, (лауазымы) _____ мырза/ханым _____ тұлғасында, _____ негізінде әрекет ететін, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп “Тараптар” деп аталатындар, осы Шартты төмендегілер туралы жасасты:

1. Шарттың мәні

Осы Шарт Altyn-i сервисіндегі банктік қызмет көрсетудің жалпы шарттары шеңберінде Клиентке төлем карточкаларын шығару бойынша банктік қызмет көрсетуге, Клиенттің өз қызметкерлерінің және бұдан әрі “Бенефициарлар” деп аталатын өзге де жеке тұлғалардың Банкте ашылған ағымдағы шоттарына ақша аударуына байланысты Тараптар арасындағы қатынастарды реттейді.

2. Банктік қызмет көрсету шарттары

2.1 Клиент Бенефициарлар пайдасына ақша аударарды - Банк осы Шартта көзделген шарттарда Клиент ұсынған расс.008 форматындағы электрондық файл және төлем құжаттары негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ (ҚР ҰБ «ҰТК» АҚ) бекіткен форматтарға сәйкес және ҚР ҰБ «ҰТК» АҚ арқылы берілген, жалақыны және өзге де төлемдерді аударуға арналған өзге форматтар бойынша Бенефициарлардың ағымдағы шоттарына ақшаны есепке алуды жүзеге асырады. Клиенттің Банкте ағымдағы шоты болмаған жағдайда, Бенефициарлар пайдасына ақшаны Банктің транзиттік шотына аударарды, ал Банк алынған ақшаны шетел және ұлттық валюталардағы Бенефициарлардың ағымдағы шоттарына аударуға міндеттенеді. Бенефициарларға шетел валютасында төлемдер төленген кезде, Клиент Банкке Банктің нысаны бойынша жасалған Тізімдеме ұсынады. Тізімдеме қағаз жеткізгіште ұсынылуы мүмкін, бұл жағдайда ол Банкте ұсынылған қолтаңбалар үлгілері мен мөр таңбасы бар карточкаға сәйкес бірінші қол қою құқығына ие Клиенттің уәкілетті тұлғасымен қол қойылуы және Клиенттің мөрімен расталуы тиіс. Клиенттің тізімдемесі тиісті келісімге қол қою шартымен электрондық банктік жүйе арқылы электрондық тәсілмен ұсынылуы мүмкін. Клиенттің Банкте банктік шоты (бұдан әрі - Шот) болған жағдайда, Клиент Банкке Шоттан тікелей дебеттеу арқылы ақшаны алып қоюға және оны Бенефициарлардың Банкте ашылған ағымдағы шоттарына, олардың пайдасына беруге келісім береді.

2.1.1 Клиенттің Бенефициарларының шоттарына түсетін қаражатты бөлу және есепке алу үшін комиссия жалақы немесе өзге де төлемдердің жалпы сомасынан ____% мөлшерінде алынады. Осы Шартта көзделген қызметтерді көрсету үшін комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерлеме бойынша қосылған құн салығын (ҚҚС) ескере отырып белгіленген.

2.1.2 Шот болған жағдайда, Банк Клиенттің қосымша келісімінсіз Клиенттің кез келген Шотынан комиссияларды акцептсіз есептен шығаруға құқылы. Клиент Банк көрсеткен қызметтері үшін төлемді (комиссияларды) Клиенттің Шотын комиссиялар сомасына тікелей дебеттеу жолымен алуға құқылы екендігіне келісім береді.

2.1.3 Комиссияларды есептен шығару жүргізілуге тиіс валютадағы шотта ақша сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, Банк басқа валютадағы шоттардан комиссиялар сомасының қажетті баламасын конвертациялауға және комиссиялар сомасын жабуға құқылы. Конвертация Банк конвертация күніне белгілеген ағымдағы бағам бойынша жүргізіледі.

2.1.4 Клиенттің өтініші бойынша «ұзақ мерзімді тапсырма» функционалын іске асыру шеңберінде ұлттық валютадағы Клиенттің ағымдағы шотына Банктің транзиттік шоты арқылы КНП 332 төлем тағайындау коды бойынша есепке алынған жалақы сомасының 50% немесе 100% (қажетінің астын сызыңыз) мөлшерінде USD/ немесе EUR/ немесе CNY (қажетінің астын сызыңыз) шетел валютасына автоматты конвертациялауды жүзеге асыру және кейіннен Банкте ашылған Клиенттің валюталық шотына есепке алу мүмкін.

2.1.5 Қызмет көрсетудің негізгі шарты - қызметкерлердің жалақы жобасы шеңберіндегі карталары мәртебесін қолдау және қызмет көрсету мен қолма-қол ақша алуға жеңілдікті шарттарды ұсыну (қызметкер үшін комиссиясыз алу) мақсатында Бенефициарлардың карталарына Банктің транзиттік шоты арқылы расс.008 форматында ақшалай қаражатты тұрақты түрде есепке алудың міндеттілігі болып табылады. Бенефициарлардың шоттарына расс.008 форматтарында жалақы және өзге де төлемдер 2 (екі) және одан да көп ай бойы аударылмаған жағдайда, жалақы жобасынан автоматты түрде ажырату жүзеге асырылады, және Бенефициарларға стандартты шарттарда қызмет көрсетіледі.

2.2 Altyn-i сервисіндегі жалақы жобасы шеңберіндегі банктік қызмет көрсетудің жалпы шарттары аясында шығарылған төлем карточкаларын шығару, қайта шығару бойынша Банк пен Бенефициарлар арасындағы қатынастар Altyn-i сервисіндегі банктік қызмет көрсетудің кешенді шартымен және Altyn-i сервисіндегі банктік қызмет көрсету тарифтеріне сәйкес реттеледі.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1 Клиент міндетті:

3.1.1 Банктің сұрауы бойынша Банктен алынған төлем карточкаларын Бенефициарларға беруге;

3.1.2 Банктің талап ететін құжаттарын Бенефициарлардан тексеруді, жинауды жүзеге асыруға, сондай-ақ аталған құжаттарды Банкке тапсыруға;
3.1.3 төлем түскен күні Тізімдеме/pacs.008 және өзге форматтардағы Банктің барлық ескертулерін/қателерін жоюға;
3.1.4 Шарт шеңберінде Бенефициарлар пайдасына жалақы аударымдарын Шарттың 6-бөлімінде көрсетілген деректемелер бойынша жүзеге асыруға;
3.1.5 заңды мекенжай, атауы, банктік деректемелері, жауапты тұлғалардың байланыс телефондарының нөмірлері өзгерген кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке хабарлауға;
3.1.6 Банктің хат-хабарларында/хабарламаларында (растаулар және/немесе өзге ақпарат) қамтылған ақпаратпен алған сәттен бастап бір операциялық күн ішінде танысуға және қате немесе санкцияланбаған операциялардың болуын тексеруге. Егер Банк жоғарыда көрсетілген мерзімде Клиенттен қателер туралы хабарлама алмаса, онда Клиент жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді орындамауы немесе уақтылы орындамауы нәтижесінде және/немесе Банктің қате (санкцияланбаған) нұсқауларды орындауы нәтижесінде Банктің шеккен залалдарының, жоғалтуларының, шығындарының және шығыстарына тең сомаларды Банкіге өтейді;
3.1.7 Бенефициарлардың шот нөмірлерін тіркейтін, ақша аударымына тізімді жасайтын, сондай-ақ осы Шарт бойынша Бенефициарларға қызмет көрсетуге байланысты Банкімен ағымдағы жұмысты жүзеге асыратын жауапты тұлғаларға сенімхаттарды айқындауға және ұсынуға.

3.2 Банк құқылы:

3.2.1 Клиенттің Шоттарында немесе форматқа байланысты алдын ала төлемде Altyn-i сервисіндегі банктік қызмет көрсету тарифтеріне сәйкес Банктің комиссияларын төлеуге ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Тізімдеме/pacs.008 және өзге форматтарға сәйкес Клиенттен ақша аударымын акцептеуден бас тартуға, бұл жағдайда Банк осы Шарттың орындалмауы үшін жауапты болмайды.
3.2.2 Клиент осы Шарттың 3.1-т. көзделген шарттарды бұзған жағдайларда осы Шарттың қолданылуын тоқтатуға және/немесе тоқтата тұруға. Бұл жағдайда Банк осы Шарттың қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру себептерін көрсете отырып, Клиентке осы Шарттың қолданылуының тоқтатылғаны немесе тоқтата тұрғаны туралы жазбаша түрде хабарлайды.
3.2.3 Осы Шартты іске асырудың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындаудың қажетті шарты болып табылатын кез келген құжаттарды Клиенттен сұратуға.
3.2.4 Осы Шартты орындау Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзуына әкелетін немесе әкелуі мүмкін болған жағдайда, осы Шартта көзделген аударымдарды жүзеге асыруды дереу біржақты тәртіппен тоқтатуға.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1 Банк жауапты болмайды:

4.1.1 pacs.008 және өзге форматтарды беру арнасына уәкілетсіз тұлғалардың қол жеткізуі жағдайында Клиентке келтірілген залал үшін.

4.1.2 мынадай жағдайларда ақшаны ағымдағы шотқа есепке алудың кідіруі үшін:

- а) Тізімдеме/pacs.008 және өзге форматтардың осы Шартқа сәйкес келмеуі;
- б) Клиенттің Банкке Тізімдеме/pacs.008 және өзге форматтарды уақтылы ұсынбауы;
- в) Клиенттің Банктің қызметтер құнын дұрыс есептемеуі және аталған қызметтерді төлеу тәртібін бұзуы;
- г) төлем тапсырмасы сомасының Тізімдеме/pacs.008 және өзге форматтарда көрсетілген сомаға сәйкес келмеуі.

4.2 Клиент жалақыны есепке алу үшін Тізімдеме/pacs.008 құрамындағы деректердің сәйкестігі үшін жауапты.

5. Дауларды шешу. Өзге ережелер.

5.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың уәкілетті өкілдері арасында хат алмасу арқылы шешіледі. Егер даулар мен келіспеушіліктер 20 күнтізбелік күн ішінде хат алмасу арқылы реттелмесе, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешілуге жатады.

5.2 Осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, осы Шартты бұзудың күніне дейін кемінде 1 ай бұрын бір Тараптың екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберуі арқылы осы Шарт біржақты сотқа дейінгі тәртіппен тоқтатылуы мүмкін. Осы Шартты бұзу күніне дейін туындаған міндеттемелер олар толық және тиісінше орындалғанға дейін қолданыста болады.

5.3 Тараптар осымен келіседі және растайды, Банктен Клиентке кез келген хабарламалар осындай Хабарламалар Банктен Клиентке төмендегі тәсілдердің бірімен жіберілген кезде жазбаша түрде рәсімделген және Клиентпен алынған болып есептеледі:

- а) алғаны туралы қол қойғыза отырып жеке тапсыру;
- б) телефакс арқылы;
- в) Клиент тарапынан жауапты тұлғаның электрондық поштасына;
- г) ұялы байланыс арқылы;
- д) Банктің WEB-сайтында интернетте тиісті ақпаратты орналастыру арқылы;
- е) курьерлік немесе өзге пошта қызметі арқылы.

5.4 Клиент осымен қайтарып алынбайтын түрде Банктің өз қалауы бойынша Банктің Акционеріне, Банктің аффилиирленген компанияларына және Банктің Акционері Тобының аффилиирленген компанияларына, үшінші тұлғаларға Клиент және оның операциялары туралы ақпаратты кез келген мақсаттар үшін, оның ішінде алаяқтықтың алдын алу, аудит, кез келген үшінші тараппен қызмет көрсету, борышты өндіріп алу, уәкілетті мемлекеттік органның сұрауын қанағаттандыру, процессингтік (компьютерлік) орталықтармен қызмет көрсету, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде хабарламалар мен электрондық хаттарды өңдеу, Клиенттің тапсырмаларын орындау және Клиентпен өзге шарттарды орындау үшін беруге келісім береді. Ақпаратты ашу қажеттілігі туындаған жағдайда, Банк осы тармақта көрсетілген тұлғалармен (уәкілетті мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарын қоспағанда) берілетін ақпараттың құпиялылығы туралы келісім жасасуға міндеттенеді. Шот болған жағдайда, Клиент туралы ақпаратты жинау, өңдеу және ашудың неғұрлым егжей-тегжейлі тәртібі Клиент қол қойған және Банк акцепттеген, Клиент туралы ақпаратты жинау және пайдалану, қаржылық қылмыстар тәуекелдерін басқару қызметі және салық заңнамасын сақтау туралы Ережелер мен Шарттармен реттеледі.

5.5 Осы Шарт қолданыстағы Жалпы шарттарға (Клиент Банкте Ағымдағы Шотты ашқан/бар болған жағдайда) және оның ажырамас бөлігі болып табылатын Тарифтерге сәйкес қолданылады. Осы Шартқа қол қоя отырып, Клиент Жалпы шарттарды (Клиент Банкте Ағымдағы Шотты ашқан/бар болған жағдайда) алғанын, оқығанын, қабылдағанын және оларды сақтауға міндеттенетінін растайды.

5.6 Осы Шарт екі данада жасалды, әр данасы орыс және ағылшын тілдерінде, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан. Шарттың орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие.

6. Тараптардың деректемелері:

Клиент: Заңды мекенжайы: Нақты мекенжайы: Банктік деректемелері: БИН: ИИК: IBAN БИК: Тел: + 7 (727) Факс: + 7 (727) Қолы/Мөрі: _____	Банк: «Altyn Bank» АҚ (ДБ China Citic Bank Corporation Ltd) Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы, А05А1В9, Абай даңғылы, 109 В Банктік деректемелері: БИН 980740000057 IBAN KZ859490001910702001 БИК: ATYNKZKA КБЕ 14 Тел: + 7 (727) 2596900 Факс: + 7 (727) 2596901/2 Қолы/Мөрі: _____
---	---